

Шағын және орташа қалаларды дамыту проблемалары туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 6 мамыр 1994 ж. N 483

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қалыптасқан шаруашылық байланыстардың бұзылуына, шығарылып келген дәстүрлі өнімдерге деген сұранымның азаюына байланысты өндірістің күрт құлдырауы қала құраушы кәсіпорындардың әлеуетін едәуір кемітіп, Кентау, Алға, Жаңатас, Жетіқара, Лениногор, Текелі, Октябрьск сияқты және басқа да қалалардағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды мүлде шиеленістіріп жібергенін атап көрсетеді.

Қала құраушы кәсіпорындардың жұмысын жолға қою, қажет болған ретте қосымша жұмыс орындарын құру және тұтас алғанда аталған қалалардың қалыпты тіршілігінің перспективаларын айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мына құрамда Үкімет комиссиясы құрылсын:

Нұрмұхамедов К.К. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің орынбасары (комиссия төрағасы)

Акимов Б.М. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрінің орынбасары (комиссия төрағасының орынбасары)

Комиссия мүшелері:

Ардасенов С.Б. - "Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясының президенті

Ауанов М.К. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары

Бегаметов Т.Х. - Қазақстан Республикасы Еңбек министрінің орынбасары

Бітімбаев М.Ж. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрінің орынбасары

Журин В.К. - "Қазтұрғынкомшар" концерні төрағасының бірінші орынбасары

Косарев В.А. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары

Мәлімбаев М.С. - Қазақстан Республикасы Геология және жер
қойнауын қорғау министрінің орынбасары
Шандыров Т.К. - Қазақстан Республикасы Экология және
биоресурстар министрінің орынбасары

Үкімет комиссиясының құрамына сол сияқты лауазымы бойынша тиісті облыстар мен қалалар өкімдерінің орынбасарлары кіреді.

2. Комиссияға қажет жағдайда министрліктердің, ведомстволардың, жергілікті әкімшіліктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандарын тартуға құқық берілсін.

3. Министрліктер мен ведомстволардың басшылары, облыс және қала әкімдері қажетті ақпарат алуда комиссияға жәрдем берсін.

4. Үкімет комиссиясы қажет болған жағдайда өз жұмысының нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына белгіленген тәртіпке орай ұсыныстар енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі